

"1993 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 3 мамырдағы № 351 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"1993 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайилов

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2023 жылғы
№ Жарлығымен
МАҚҰЛДАНҒАН

Жоба

1993 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы ХАТТАМА

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы (бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталады)

1993 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) 33-бабын негізге ала отырып,

Шартқа мынадай өзгерістер енгізуге уағдаласты:

1-бап

Шарттың 2-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап

Құқықтық көмек көрсету кезіндегі қатынас тәртібі

1. Егер осы Шартта өзгеше белгіленбесе, азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы өтінішпен жүгінген кезде Уағдаласушы Тараптар орталық мекемелер арқылы өзара қатынас жасасады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген орталық мекемелерге: Қазақстан Республикасы тарапынан – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі; Қытай Халық Республикасы тарапынан – Қытай Халық Республикасының Әділет министрлігі, Қытай Халық Республикасының Жоғарғы Халық прокуратурасы және Қытай Халық Республикасының Жоғарғы Халық Соты жатады.

3. Орталық мекемелер өзгерген жағдайда Уағдаласушы Тараптар бұл туралы бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда дереу хабардар етеді".

2-бап

1. Осы Хаттама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Уағдаласушы Тараптар осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдердің аяқталғаны туралы бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда хабардар етеді. Осы Хаттама осындай хабарламалардың соңғысы алынған күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

3. Осы Хаттама өз қолданысын Шарт қолданысының тоқтатылуымен бір мезгілде тоқтатады.

Бұған тиісті түрде уәкілеттік берілген тәменде қол қоюышылар осы Хаттамаға қол қойды.

2023 жылғы " " әрқайсысы қазақ және қытай тілдерінде орыс тіліне аударmasымен екі данада жасалды әрі екі мәтін бірдей теңтүпнұсқалы болып табылады.

Қазақстан Республикасы үшін

Қытай Халық Республикасы үшін

1993 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Қоса беріліп отырған 1993 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманың (бұдан әрі – Хаттама) жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрі Азамат Несілбайұлы Есқараевқа Хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

K. Токаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК